

"Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борыш туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2003 жылғы 12 ақпан N 152

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

"Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борыш туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

"Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борыш туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

"Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борыш туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 2 тамыздағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 21, 784-құжат; 2001 ж., N 21-22, 282-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Заңның мәтініндегі "Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі", "Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен", "Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінде", "Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне", "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің" деген сөздер "бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган", "бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органмен", "бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органда", "бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға", "бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 - б а п т а :

4) тармақшадағы ", жергілікті атқарушы органдарының" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

18) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"18) банктің кепілдігі - заем алушы заем туралы шарт (келісім) бойынша одан тиесілі соманы белгіленген мерзімде төлемеген жағдайда банктің бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның алдындағы мемлекеттік емес заем бойынша берешекті өтеу жөніндегі міндеттемесі";

21) тармақша алынып тасталсын;

4 - б а п т а :

2-тармақтың 3) тармақшасындағы "оларға қызмет көрсету және өтеу," деген сөздерден дейін "мемлекеттік кепілдіктер беру үшін инвестициялық жобаларды іріктеу," деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақтың 1) және 8) тармақшалары алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

"4-1. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган:

1) мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу саясатын әзірлейді;

2) мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген борыш пен қарыз алуды жоспарлау мен талдауды жүзеге асырады";

6 - т а р м а қ т а :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) өкілді органға жергілікті инвестициялық жобаларды қаржыландыру үшін, сондай-ақ бюджет заңдарында көзделген басқа да мақсаттарға заемдар тарту қажеттігі туралы ұсыныстар енгізеді";

3) тармақшадағы "сыртқы" деген сөз алынып тасталсын;

6-баптың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қарыз алуы жергілікті инвестициялық жобаларды қаржыландыру мақсатында, сондай-ақ бюджет заңдарында көзделген басқа да мақсаттарда жүзеге асырылады.";

9 - б а п т ы ң 3 - т а р м а ғ ы н д а :

бірінші бөліктегі "белгіленген қарыз алу және борыш лимиттерімен" деген сөздер "белгіленген борыш лимитімен" деген сөздермен ауыстырылсын; екінші бөліктегі бірінші сөйлем алынып тасталсын; мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Жергілікті атқарушы органдардың сыртқы заемдарды тартуына жол берілмейді.";

10-баптың 3-тармағындағы "инвестициялық бағдарламаларды" деген сөздер "жергілікті инвестициялық жобаларды" деген сөздермен ауыстырылсын;

14 - б а п т ы ң 1) т а р м а қ ш а с ы н д а :

бірінші бөліктегі "бағалау және алдағы он жылдық кезеңге" деген сөздер "жыл сайын нақтылай отырып, бағалау және алдағы үш жылдық кезеңге" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Бұл құжатты дайындауды бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органмен және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесе отырып экономикалық дамудың орта мерзімді болжамы, жинақталған мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген борыштың көлемі мен құрылымы, несие капиталы рыногындағы өзгерістердің болжамдары негізінде жүзеге

а с ы р а д ы ; " ;

16-баптың бесінші бөлігі алынып тасталсын;

18-бап мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Мемлекеттік кепілдіктерді беру лимитінің көлемі осы лимит белгіленген тиісті жылдың шегінде ғана пайдаланылуы мүмкін.";

20 - б а п т ы ң 1 - т а р м а ғ ы н д а :

2) тармақшадағы "Қазақстан Республикасының тиісті кезеңге арналған Мемлекеттік инвестициялар бағдарламасына" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен бекітілетін, тиісті кезеңге арналған Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктері бар мемлекеттік емес заемдар қаражатының есебінен қаржыландыруға ұсынылатын инвестициялық жобалардың тізбесіне" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) банктік қадағалау саласындағы уәкілетті органның келісімі бойынша бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган белгілейтін заемдардың қайтарылуын қамтамасыз ету талаптарын қанағаттандыратын банк кепілдігінің болуы;"

мынадай мазмұндағы 3-1), 3-2), 3-3) және 3-4) тармақшалармен толықтырылсын:

"3-1) салалық уәкілетті органның оң қорытындысы болуы;

3-2) бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның оң қорытындысы болуы;

3-3) экономикалық жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның оң қорытындысы

б о л у ы ;

3-4) бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның оң қорытындысы болуы;"

21-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"21-бап. Мемлекеттік кепілдіктерді беру үшін жобаларды іріктеу Мемлекеттік кепілдіктер беру үшін жобаларды іріктеуді экономикалық жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктері бар мемлекеттік емес заемдар қаражатының есебінен қаржыландыруға ұсынылатын инвестициялық жобалардың тізбесін жыл сайын қалыптастыру жолымен жүргізеді.";

24-баптың бірінші бөлігіндегі "ол белгілеген тәртіппен" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

25-бап мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Үкіметі заем туралы шарттардың (келісімдердің) талаптарына сәйкес республикалық бюджетте көзделген қаражат есебінен мемлекеттік кепілдіктерді орындау жолымен мемлекет кепілдік берген борышты мерзімінен бұрын өтеуді жүзеге асыруға кұқылы" ;

мынадай мазмұндағы 25-2-баппен толықтырылсын:

"25-2-бап. Мемлекет кепілдік берген заем бойынша Заем алушыны ауыстыру".

Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі қабылданған жағдайда заем туралы

шарт (келісім) тараптарының келісімі бойынша мемлекет кепілдік берген заем бойынша Заем алушы ауыстырылуы мүмкін.

Мемлекет кепілдік берген заем бойынша Заем алушы ауыстырылған жағдайда кредитордың талабы бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган мемлекеттік кепілдікті ауыстыруы немесе р а с т а у ы м ү м к і н .

Бұл ретте кепілдік берілетін заем сомасы бұрын берілген мемлекеттік кепілдік бойынша заемның сомасынан аспауы керек.

Жаңадан берілген мемлекеттік кепілдікке осы Заңның 18-бабының бірінші бөлігінде белгіленген шектеулер қолданылмайды.";

2 6 - б а п т а :

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) ол мемлекет кепілдік берген заем құрылымын өзгерту және ол бойынша Заем алушыны ауыстыру кезінде жаңасымен ауыстырылса, қолданылуын тоқтатады.";

мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

"Мемлекеттік кепілдік кредитордың келісімі бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен өз іс-әрекетін мерзімінен бұрын тоқтатады және қайтарып а л ы н а д ы " ;

28-баптың екінші бөлігіндегі қарсы кепілдік берген екінші деңгейдегі" деген сөздер "кепілдік берген" деген сөздермен ауыстырылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті